

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 6 қыркүйек N 999. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.05.20 . N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру және оларды ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы" 1994 жылғы 15 шілдедегі Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті бірыңғай мемлекеттік баға саясатын жүргізу, монополиялық қызметті шектеу, бәсекелестікті дамыту, экономиканы монополиясыздандыру, нысапсыз бәсекелестікке жол бермей және тұтынушылардың мүдделері мен құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік басқарудың орталық органы болып табылады. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тікелей басшылық жасайды.

2. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы осыған қоса беріліп отырған Ереже б е к і т і л с і н .

3. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің жүйесіне облыстық, Алматы және Ленинск қалалық аумақтық баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттері енеді деп белгіленсін. Олар Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірге бірыңғай тік құрылымды құрайды. Аумақтық комитеттер өз қызметін Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті жүктелген өкілеттіктер шегінде ұйымдастырады.

Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттердің басшыларын лауазымға Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы мемлекеттік саясат жөніндегі комитеттің Төрағасы тиісті әкімдермен келісу бойынша тағайындайды.

4. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің өз құзыры шегінде қабылдаған шешімдері

барлық мемлекеттік басқару органдарының ведомстволарының, жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің және олардың бірлестіктерінің орындауы үшін міндетті болып табылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне монополияға қарсы заңдарға қайшы келетін министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың және басқа мемлекеттік басқару органдарының нормативтік актілерін, сондай-ақ кез келген меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілері басқару органдарының немесе олардың бірлестіктерінің шешімдерін бұзу құқығы берілсін.

5

Ескерту. 5-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.12.19.

№ 1805 қаулысымен.

6. 1995 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппаратын, баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттерін ұстау шығындары Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінде көзделген мемлекеттік басқару органдарын ұстауға арналған қаражат есебінен жүзеге асырылсын.

7. Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, Экономика министрлігі жанындағы Мемлекеттік баға комитеті, облыстық және Ленинск қалалық әкімшіліктерінің баға жөніндегі бөлімдері, облыстық және Алматы қалалық экономика басқармаларының баға жөніндегі бөлімдері өздерінің баланстарындағы және нақты пайдалануындағы жабдықтарды, мүліктер мен құрыл-саймандарды Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің балансына беретін болсын.

8

9

Ескерту. 8 және 9-тармақтарының күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.12.19. № 1805 қаулысымен.

10. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті баға және монополияға қарсы саясат мәселелері жөніндегі өздері шығаратын нұсқаулықтарды, нұсқауларды және нормативтік әрі әдістемелік сипаттағы басқа да актілерді Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат

жөніндегі мемлекеттік комитетіне қызмет бабында пайдалану үшін

жіберіп тұратын болсын.

11. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттер туралы Ережені бекітсін.

12.

Ескерту. 12-тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.12.19.

№ 1805 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 6 қыркүйектегі
№ 999 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға
қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы
Ереже

1. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның аумақтық комитеттері (бұдан былай - Комитет) мемлекеттік баға саясаттың қалыптастыру мен жүзеге асыру, тауар және қаржы рыноктарын монополиясыздандыру, монополиялық қызметті шектеу мен оның жолын кесу, адал бәсекелестікті дамыту, тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі мемлекеттік басқарудың орталық органы болып табылады.

Комитетке Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тікелей
б а с ш ы л ы қ ж а с а й д ы .

2. Комитет өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мемлекетаралық шарттары мен келісімдерін, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен қаулыларын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитеттің негізгі міндеттері:

шаруашылықты жүргізудің бәсекелестік жағдайын қамтамасыз етуде, баға белгілеуде және тұтынушылардың құқықтарын қорғауда бірыңғай мемлекеттік

саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру;
шаруашылық жүргізуші субъектілерді, соның ішінде тауар және қаржы
рыноктарында үстем жағдайға ие болып отырған ұйымдық-басқару
құрылымдарын, шетелдік және бірлескен кәсіпорындарды (бұдан былай -
шаруашылық жүргізуші субъектілері) монополиясыздандыру;
монополистік қызметті анықтау мен оның жолын кесу, бәсекелестікті
дамытуға жағдай жасау;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тауар және қаржы
рыноктарында үстем жағдайға ие болып отырған шаруашылық жүргізуші
субъектілердің қызметін реттеу;

мемлекеттік баға тәртібін, монополияға қарсы заңдарды, тұтынушылар
құқықтарын сақтауға бақылау жасау және осы салалардағы ереже
бұзушылықтардың жолын кесу;

баға, монополияға қарсы саясат және тұтынушылардың құқықтарын қорғау
мәселелері бойынша басқа елдердің тиісті мемлекеттік өкімет органдарымен,
халықаралық және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау болып табылады

4. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Комитет:

"Монополиясыздандырудың, баға саясаты мен тұтынушылар құқықтарын
қорғаудың Мемлекеттік бағдарламасын" әзірлеп, оны кейіннен Қазақстан
Республикасы Президентінің бекітуіне беру үшін Министрлер Кабинетіне
ұсынады;

Қазақстан Республикасының Президентіне, Жоғарғы Кеңесіне және
Министрлер Кабинетіне "Баға және монополияға қарсы саясаттың және
тұтынушылар құқықтарын қорғаудың жайы туралы" жыл сайынғы баяндаманы
түсіреді;

Комитеттің құзырына жататын мәселелер бойынша заңдық, нормативтік және
ұйымдық-өкімдік актілердің жобаларын Министрлер Кабинетіне енгізеді;

өз құзыры шегінде баға белгілеудің, шаруашылық қызметін реттеудің,
монополиясыздандыру мен тұтынушылар құқықтарын қорғаудың орындалуы
үшін міндетті нормалары мен ережелерін әзірлеп, бекітеді;

жұмыста жариялылықты қамтамасыз етеді, мемлекеттік баға саясатын,
монополиясыздандыруды, бәсекелестікті дамытуды және тұтынушылар
құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың жүзеге асырылу
барысы туралы республика халқын хабардар етеді, кәсіпкерлер, тұтынушылар
ұйымдарымен, кәсіподақтармен, басқа да қоғамдық ұйымдармен және
қозғалыстармен байланысты жүзеге асырады;

тұтынушылар үшін қолы жететін өзара алмастырыла алатын тауарлар мен
қызмет көрсету рыноктарының шекарасын белгілейді, шаруашылық жүргізуші

субъектілерді монополистер ретінде тану туралы шешім қабылдайды, осы рыноктарда үстем жағдайға ие болып отырған шаруашылық жүргізуші субъектілердің Мемлекеттік тізілімін (бұдан былай - тізілім) жүргізеді.

5. Баға жөніндегі мемлекеттік саясат саласында Комитет:

бағалар мен тарифтерді белгілеу және қолдану жөнінде әдіснамалық, әдістемелік басшылықты жүзеге асырады және баға белгілеу тәртібін анықтайды;

өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және басқа да басым салалар бағалары арасында тепе-теңділікті сақтаудың экономикалық әдістерін белгілеп, енгізеді, Баға құрылымын жетілдіру жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

Бағаны белгілеу мәселелері жөніндегі жергілікті әкімшіліктердің қызметіне әдістемелік басшылық жасауды және оны үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Мемлекетаралық өнімдер алмасуына ұсыныстар әзірлейді және олардың баға деңгейін белгілейді;

"Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы" Заңның 14-бабына сәйкес рынокта монополист болып табылатын немесе үстем жағдайға ие болған шаруашылық жүргізуші субъектіні ұсақтауға (бөлуге) мүмкіндік болмаса немесе ол тиімсіз болса, баға белгілеуді реттеу, рынокта инабатты тәртіп орнату туралы шешімдер қабылдайды;

мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдары, бюджеттік ұйымдар, сондай-ақ тікелей мемлекеттік басқарудағы кәсіпорындар (мемсараптау, денсаулық сақтау мен білім берудің мемлекеттік мекемелері, жерге орналастыру, санитарлық-эпидемиологиялық және малдәрігерлік қадағалау, автомобиль инспекциясы, мемтексеру және т.б.) атқаратын ақылы жұмыс пен қызмет көрсетудің баға прејскуранттары мен тарифтерін бекітеді;

почта байланысының қызмет көрсетуіне, темір жолдық жолаушылар тасымалына, коммуналдық қызмет көрсетуге, тізілімге енгізілген шаруашылық жүргізуші субъектілердің басқа да анағұрлым маңызды өнім түрлеріне бағалар мен тарифтерді тікелей реттеу жөнінде Министрлер Кабинетіне ұсыныстар енгізеді;

монопольдық жоғары (төмен) бағаларды анықтау және тым көп табыс алуды болдырмау мақсатымен рыноктарда талдау жүргізеді.

Әлемдік және ішкі бағалардың жайы мен арақатынасын талдайды.

6. Монополиясыздандыру, экономика мен қаржыны құрылымдық жағынан қайта құру саласында Комитет:

жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілерді монополиясыздандыру бағдарламасын жасап, бекітеді;

егер олар тізілімге енген шаруашылық жүргізуші субъектілердің қатысуымен құрылатын немесе қайта құрылатын болса шаруашылықты жүргізуші

субъектілер мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу үшін түсірген құжаттарға міндетті түрдегі қорытындыларды береді.

Ұйымдық-басқару құрылымдарды құруға міндетті түрдегі қорытындыларды б е р е д і .

Комитеттің оң қорытындысынсыз жасалған мемлекеттік тіркеменің тиісті актілерінің күші болмайды;

Комитеттің рұқсатынсыз жасалған тиісті іс-әрекеттердің заңдық күші болмайды;

Тізілімге енгізілген кәсіпорындарды немесе акцияларының бақылау пакеттерін, үлестер мен пайларды шетелдік инвесторлардың сатып алуына р ұ қ с а т б е р е д і ;

баға, республикалық және жергілікті рыноктардағы бәсекелестікті дамыту, экономиканы монополиясыздандыру, үстем жағдайға ие болып отырған шаруашылық жүргізуші субъектілер мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру мәселелері жөніндегі, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілерді және олардың бірлестіктерін құру мен қайта құру немесе олардың акцияларының бақылау пакеттерін, үстем жағдайға ие болып отырған шаруашылық жүргізуші субъектілердің үлестері мен пайларын сатып алу және сату туралы немесе олардың басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің акцияларының бақылау пакеттерін, үлестері мен пайларын сатып алуы туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулыларының және басқа да мемлекеттік басқару органдары шешімдерінің жобаларын міндетті түрде алдын ала келіседі;

санациялау жобаларын, Тізілімге енгізілген шаруашылық жүргізуші субъектілердің төлем болмаған жағдайда қызметін тоқтату немесе олар жөнінде банкроттық рәсімді қолдану жайын келіседі.

Ескерту. 6-тармақтың 6 абзацы алынып тасталды - ҚРМҚ-нің 1995.03.10. N 234 қаулысымен.

7. Тұтынушылар құқықтарын қорғау саласында Комитет: басқа мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының іс-қимылын үйлестіреді, қоғамдық ұйымдарға тұтынушылар құқығын қорғау жөнінде ұйымдық және әдістемелік көмек көрсетеді;

тұтынушылардың құқығын қорғау жөніндегі заңдардың сақталуына мемлекеттік бақылау жасайды, бұл саладағы кемшіліктерді жоюға шаралар қ о л д а н а д ы .

8. Өз функцияларын орындау үшін Комитеттің: Комитет құзырына жататын мәселелер бойынша ресми түсініктер беруге; Баға жөніндегі ақпараттың анықтама-ақпарат қорын құруға және жүргізуге; мемлекеттік баға тәртібін, монополияға қарсы заңдарды және

тұтынушылардың заңды құқын бұзу жөнінде тексерулер жүргізуге, Комитеттің әкімшілік комиссиясын құруға, өз құзыры шегінде лауазымды адамдар мен азаматтарды шақыруға және айыппұл салуға немесе сондай айыппұл салу ж ө н і н д е і с қ о з ғ а у ғ а ;

Қазақстан Республикасының лауазымды адамдары мен азаматтарын, шетел азаматтарын, азаматтығы жоқ адамдарды мемлекеттік баға тәртібінің, монополияға қарсы заңдардың және тұтынушылар құқығының бұзылуы жөнінде шақыруға және олардан қажетті ақпарат, құжаттар немесе солардың к ө ш і р м е л е р і н а л у ғ а ;

қажет болған жағдайларда Комитет қаржысы есебінен тексерулер мен сараптауларды өткізу үшін басқа мекемелер мен ұйымдардан білікті мамандар т а р т у ғ а ;

өкімет пен басқару органдарына, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен олардың лауазымды адамдарына мемлекеттік баға тәртібін, монополияға қарсы заңдарды және тұтынушылардың заңды құқықтарын бұзуға байланысты ереже бұзушылықтарды жою тұрғысында, қаралуға міндетті ұсыныстар және орындалуға міндетті сақтандырулар мен ұйғарымнамалар беруге;

мемлекеттік баға тәртібін, монополияға қарсы заңдарды және тұтынушылардың заңды құқықтарын бұзатын өкімет пен басқару органдары қабылдаған актілерді, сондай-ақ осы органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің келісімдерін заңды түрде толық немесе ішінара күші жоқ деп т а н у ғ а ;

шаруашылық жүргізуші субъектілердің тұтынушылар құқын, монополияға қарсы заңдар мен мемлекеттік баға саясатын бұзу нәтижесінде алған соманы бюджет кірісіне алу туралы белгіленген тәртіппен шешім қабылдауға;

мемлекеттік баға тәртібін, монополияға қарсы заңдарды және тұтынушылардың заңды құқықтарын бұзуды болдырмау мақсатында сотқа талапкерлік жасауға, олардың қаралуына қатысуға, сондай-ақ үшінші жақтың т а л а б ы н қ о л д а у ғ а ;

мәселе қылмыстық жауапкершілік жолымен шешілетін жағдайда мемлекеттік баға тәртібін, монополияға қарсы заңдарды және тұтынушылардың заңды құқықтарын бұзуға байланысты материалдарды прокуратура органдарына беруге ;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тапсырмасы бойынша шетелдердің мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта Комитеттің құзырына жататын мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің еркін білдіруге, монополияға қарсы саясатты жүргізу мәселесі жөнінде халықаралық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу мен оларды жүзеге асыруға қатысуға құқығы бар.

Ескерту. 8-тармақтың 7-ші абзацы алынып тасталды - ҚРМК-нің 1995.03.10. N 234 қаулысымен.

9. Комитетті лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті құрамына енетін Төраға басқарады.

10. Комитет Төрағасын Премьер-министрдің ұсынысы бойынша лауазымға Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және одан босатады.

Комитет Төрағасының орынбасарларын Комитет Төрағасының ұсынысы бойынша лауазымға Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды және одан босатады.

11. Комитет Төрағасы Комитетке басшылық етеді, Комитеттің құзырына енетін барлық мәселелер жөнінде шешімдер қабылдайды, өз өкілеттігінің бір бөлігін комитеттің лауазымды адамдары мен құрылымдық бөлімшелеріне табыстайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес ж а у а п б е р е д і .

Төраға орынбасарлары арасындағы міндеттерді бөлуді, белгіленген адам саны мен еңбекақы қоры шегінде баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттердің штаттық кестесін бекітуді, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер мен олардың басшыларының міндеттерін бөлуді Комитет Төрағасы жүзеге асырады.

Ескерту. 11-тармақтың екінші абзацынан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

12. Комитеттің аса маңызды мәселелерін талқылау үшін алқа құрылады.

Алқа мүшелерінің дербес құрамына Комитет Төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Алқаның шешімдері қаулылар түрінде шығарылып, оларға Комитет Төрағасы қ о л қ о я д ы .

13. Комитет жүйесіне баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі облыстық, Алматы және Ленинск қалалық аумақтық комитеттері, сондай-ақ қалалар мен аудандардағы олардың бөлімшелері мен уәкілдері енеді.

Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттер Комитеттің құрылымдық бөлімшелері болып табылады, аумақтарда Комитеттің функцияларын атқарады және өздеріне табысталған өкілеттіктер көлемінде құқықтарды пайдаланады әрі соған ғана есеп беріп отырады.

Аумақтық комитеттердің төрағаларын Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеттің Төрағасы тиісті жергілікті әкімшіліктермен келісе отырып лауазымға тағайындайды және одан б о с а т а д ы .

14. Комитет жанында баға, монополияға қарсы саясат және тұтынушылар құқықтарын қорғау бағыттары бойынша сарапшылар кеңестері, сондай-ақ

Комитет уәкілдерінің институты құрылады.

Сарапшылар кеңестерінің дербес құрамы ғалымдар мен мамандардан, Комитеттің, Қазақстан Республикасының басқа да министрліктері мен ведомстволарының қызметкерлерінен жасақталады және оны Комитет Төрағасы б е к і т е д і .

Комитет уәкілдері Комитет Төрағасы оларға берген құқықтарды пайдаланады .

15. Комитеттің орталық аппараты және баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттер Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінде көзделген мемлекеттік басқару органдарын ұстауға арналған қаражат есебінен қаржыландырылады.

16. Комитет заңды ұйым болып табылады, оның есеп айырысу шоты, фирмалық бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өзінің атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

Аумақтық комитеттер заңды ұйымдар құқықтарын пайдаланады, олардың есеп айырысу шоты, фирмалық бланкілері мен өз атауы жазылған мөрлері б о л а д ы .